ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Алматы қаласының әкімдігі
Алматы облысының әкімдігі
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Акимат города Алматы
Акимат Алматинской области
Казахский государственный женский педагогический университет
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Almaty city department
Department of Almaty region
Kazakh State Women's Teacher Training University
L.N.Gumulev Eurasian National University




# «ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АЛЫП ЖЫРШЫСЫ»

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ
(Алматы қ., 25 ақпан 2016 ж.)

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-теоретической конференции
# «ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – НАРОДНЫЙ ПОЭТ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»
(г.Алматы, 25 февраля 2016 г.)

MATERIALS
of the international scientific-theoretical conference
# «ZHAMBYL ZHABAEV – NATIONAL POET OF GREAT STEPPE»
(Almaty, February 25, 2016)

Алматы, 2016

ӘОЖ 821. 512. 122. 0 (063)
КБЖ 83. 3 (5Қаз)
Ж 25

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

***Бас редакторлар***

***Д.Ж.Нөкетаева***– Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры
***Е.Б.Сыдықов*** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры

***Жауапты редакторлар***

***Б.А.Әлиев*** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры
***Д.Қамзабекұлы***– Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры
***А.О.Тымболова***–Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы

***Редколлегия мүшелері***

***С.Б.Ержанова*** – *ф.ғ.д., профессор*
***К.С.Әбдіқалық***- *ф.ғ.к., профессор м.а.*
***П.Қ.Юсуп*** – *п.ғ.м., аға оқытушы*
***Б.С.Сарбасов*** – *ф.ғ.к., қауым.проф.м.а.*

Ж 25 **«Жамбыл Жабаев – Ұлы Даланың алып жыршысы»** - Жыр алыбы Ж.Жабаевтың 170 жылдығына арналған. **«Жамбыл Жабаев – народный поэт Великой Степи»** посвященная к 170 - летию великого поэта Ж.Жабаева. «**Zhambyl Zhabaev – National Poet of Great Steppe» devoted to Great poet Zhambyl Zhabaev's 170th** anniversary» – атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы: – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, - 2016. – 428 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-224-731-2

Жыр алыбы Ж.Жабаевтың 170 жылдығына арналған **«Жамбыл Жабаев – Ұлы Даланың алып жыршысы»** атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның жинағына енген мақалаларда «XX ғасырдың Гомері» атанған жыршы, жырау, ақынның өмірі мен шығармашылығы әдебиеттану, тілі білімі және әдістемелік қырынан жан-жақты қарастырылады.

ӘОЖ 821. 512. 122. 0 (063)
КБЖ 83. 3 (5Қаз)

ISBN 978-601-224-731-2

© «Қыздар университеті» баспасы, 2016 ж.

# ЖАМБЫЛ – АЙТЫСКЕР АҚЫН

*Б.С.Сарбасов қауым. профессор м.а.*
*(Алматы, қ. ҚазмемҚызПУ)*

Жамбыл Жабаев – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық – жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен-ақ таныла бастаған. Ол бозбала шағының өзінде-ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен іргелес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген.

Осы кезде өрттей жалындаған, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйімбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алған. Мұнан әрі жал – құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құлманбет сияқты ақындармен айтысқа түсіп, Жамбыл ұдайы шоқтығын биік асырып отырған. Сонымен қатар Жамбыл қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алып, ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шәһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін одан әрі шыңдай түскен.

Жамбыл Жабаев – атақты ақын. Оның даңқы алдымен айтыс өнері арқылы шыққан. Алғашқы айтыстары ойын-тойларда өтеді. Жамбыл жастықтың салтын сақтап, Айкүміс, Бұрым, Сара сияқты қыздармен айтысады [1,12б].

Сыртың бір сұлу жан екен,
Сыпайы көзге көрінген.
Сыр мінезің бар екен,
Сөйлесуге ерінген.
Қамқа камзол киініп,
Қас-қабағың керілген, –деп қыздарға қытықсыз қалжыңдар арнаған. Бұл тектес айтыстар ақынды ұзақ-сонар айтыстарға апаратын алғашқы баспалдақтар еді. Жамбыл 1985 жылы Сарбас ақынмен, 1897 жылы Құлмамбетпен, 1902 жылы Досмағанбетпен, 1909 жылы Шашубаймен айтысып, барлығын да жеңіп шыққан [1,13б].

Жамбылдын Құлмамбетпен айтысы, бұл Жамбыл ақындығының үлкен бір белеске шыққан тұсы. Жамбылдың ақын атын аспандатқан да осы айтыс болады. Өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген, аса ауызды ақын болған. Ел арасыдағы бірнеше ақындармен шайқасып және Сүйімбай айтысы, Бақтыбай айтысы, Қатаған айтысы сияқты үлкен айтыстарды өзіне сабақ еткен, өзінен үлкен деп санаған атақты ақындардың ой-өрісі, сөз мұрасына құмар Жамбыл Құлмамбетпен бір кездессем деп жүреді [2,154б].

Жамбыл Құлмамбетті ертеден білген, онымен бірнеше аста, тойда қатар өлең айтады. Сарыбай асында да бірге болады. Бірақ айтысып өріс көріспейді. Қалай да бір айтысып көрсем деп іздеп те жүреді. Осы кезде Жетісу облысы бас басқан үлкен бір жиылыс болады. Жиылыс Іле бойында өтеді. Осы Іле станциясы тұрған жердің айналасына киіз үйлер тігіледі. Алматы, Қапал елдері келеді. Топқа ақындар жиналып айтыс болады. Құлмамбет бірнеше ақынды сөзбен буып жеңіп тастайды. Айтысты тілмаш арқылы түсініп тырған ояз Құлмамбетті котермелеп, сыйлық береді. Енді мұнымен айтысар кім бар деп іздегенде, «таздан басқа ақын құрып па, Сүйімбайдың ақыны Жамбыл бар» дейді.

Жамбыл Құлмамбеттің бетінен, әрі он шақты ақынды жеңіп тастаған екпінімен қорғалап қашқақтап жүреді. Жамбыл сыртта кіре қоймай тұрғанда:

«Қара күннің баласы Ысты бақыр,
Кім өлсе соған туар заман ақыр.
Жамбыл деген бар дейді бір немесі,
Ақын болса ол неме қайда жатыр.
Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды.
Ақын болса қайда жүр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылына,

Жамбылды болар ма екен алдыруға,
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға, -
Болғанда мен бір сұңқар сен бір тауық,
Сен әтеш айғайлағыш ауық-ауық,
Сүйімбайың күркілдеп үйде жатыр,
Басқанды қою керек жылы жауып», –деп, Құлмамбеттің лепіріп отыр... серпінінен жүрексіне береді.

«Осы сөз сүйегімнен өтіп кетті... Домбырамды алып Құлмамбеттің алдынан отыра қалдым» дейді екен Жамбыл. Бұл естелік Үмбеталының айтуынан келтіріліп отыр. Жамбылдың ... айтысын білетін де, айтатын да кісі жоқ. Үмбеталы Жамбылдың өз айтуынан жаттаған [2,155б].

Айтыс аса қызу болады. Өзімшіл өркөкірек Құдайберген Құлмамбеттің Шапыраштыны ... азырқана, кеміте сөйлегеніне терісіне сыймай ыза болып отырады. Жамбылға кезек ... Шапыраштыны мақтап, әсіресе Сұраншы, Саурықтың батырлығын айтқанда, Құдайберген «Со... тапқан шешеннен айналайын» депті.

Бірнеше рет кезек айтысып, Құлмамбетке кезек келгенде домбырасының ішегі үзіліп ке... енді домбыраның ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде жат... бәйгені жұлып алып қалтасына салып «сен домбыраның ішегін жалғағанша біздің Жамбыл оты... ма, біздің Жамбыл жеңді» - деп өз кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Құлмамбет қалып қояды [2,156б].

Мұны өз аузынан осылай айтады екен. Осы айтыста Жамбыл атағы аспанға ұшқандай бола... Өйткені ол айтыста Сүйімбай тірі, бірақ ауру үйінде. Жиынға бара алмапты. Сүйімбайдың т... екеніне Құлмамбеттің өз сөзі де дәлел.

Жиын тарап әркім өз үйіне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл ... бұрынғысынан да жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі атағы да ерте көтеріл... Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достас... Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады. Екеуі айрыларда Құлмамбет Жамбыл... «сен қырғыз еліне таныс көрінесің сол елге мені бастап апар» дейді. Жамбыл апаруға уәде қылы... Бірақ Құламамбет еліне барып қайта келмек болады. Жамбыл да өз аулына қайтады. Сол жы... күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғыз асады [2,15].

Әдетте Жамбыл айтыстары көбінесе халықтық, бүкіл елдік мәселелермен ұштасып жат... Ол кейбір ақындар сияқты күнделікті тіршілік күйбеңінің, ру тартысының көлеңкесінде қалм... халықтық деңгейдің биігінде тұрып сөйлейді [1,13].

Міне, осындай үлкен мұрат, міндеттер Жамбыл жырларының халық алдындағы бедел... бағасын өсіріп отырған.

Жамбыл сөзді бетің бар, жүзің бар демей реті келген жерде тіліп салатын бол... Құдайбергеннің болыс күнінде үйіне Жамбыл келеді. Қысқы уақыт болса керек, Жамбыл сә... беріп амандасса, Құдайберген Жамбылдың жанына тиіп:

– «Бір жынды Екеймен жарысам деп атым өліп қалды», – депті.

Есқожа елі Екейді кеміте сөйлейтін әдеті болыпты.

«Болысжан жүрген жерін күнде сауық,
Пенденің бойында көп қатер-қауіп,
Екейдің жындысымен жарысам деп
Сенің де кетіпті ғой есің ауып, – [2,157].

дейді Жамбыл. Құдайберген ешнәрсе айтпапты. Өйткені Құдайберегн астында семіз аты б... Ұзынағаштан келе жатса, Екейдің Таңат деген бір адамы қасынан шауып өте шығыпты. Екей... атым қалса атым Құдайберген болмасан деп, бұл да тұра шауып содан екеуі ерегесіп, ауыл... жеткенше Құдайбергеннің тұнып тұрған семіз аты зорығып, өліп қалыпты. Сол есер мінезін бе... айтып, өзін көзбе-көз жерлеген.

Жамбылдың ерте кезде ел арасында айтқан бір ауыз, екі ауыз өлең өте көп, бірақ жаз... жиналмаған. Жатқа біліп айтқан адамдардың көбісі дүниеден өткен [3].

Алыстан сарқылып келген арман түйіні шешілгендей, елі масайрап еркіндік алғанда, ер... билеп, күні кеше үні естілгенмен үйірімі кетіп тозғындаған қазақ елі бас қосқанда Жамбыл ... теңізін ақтарса керек.

«Халықтың енді міне жетілгені,
Құрыштың білінбейлі кетілгені.

Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп ірге қалап бекілгені», – [2,168].дейді: Тағы бір үлкен жиналыста

Жамбыл:

«Сексен бірге жас келіп,
Әр немеден жасқандық.
Кәрілік деген тақымдап,
Өлім қалды жақындап.
Суылып сөз келді,
Жамбыл сынды қартыңнан.
Мұнша жасқа келгенде,
Не көріп, не білгеннен.
Бір ауыз сөз айта алмай,
Қалса үлкен мін ақынға,
Елестер сан белестер.
Соның бәрін ашқанда,
Қол жеткізген асқарға,
Маркс – Ленин кемеңгер,
Жер мен суды қолға алып,
Жетісіп тұр енді елім», – [2,169].деп ұзақ жырлайды.

1934 жылы Алматы қаласына шақырылған жас көркемөнершілер мәжілісіне келіп Жамбыл жыр айтады. Бұл жырда Жамбыл бір кезде азып-тозып кеткен халықтың атамұра асыл қазынасы талапты жастардың қолына тиіп көркейе бастағанына қатты қуанады. Соған арнап:

«Уа, термеден сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында.
Топтан озған тарлан ең,
Шабысыңнан таңдың ба.
Тұяғың тозып, топас боп,
Китіңдеумен қалдың ба,
Шаршы топқа түскенде
Шабысы болар шалдың да», – [2,170б].- деп өзін жастар алдында сөзден сүрінбейтін жігермен қайрап жыр ағызады.

Жамбылдың бұл кездегі айтқан әрбір кезеңді жердегі жыры заман бейнесін суреттеуге кеңінен қамтылған жыр болады.

Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайлауларда», «Өстепкеде», «Патша әмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді.

Жамбылдың «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы орыс тіліне аударылып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайыла бастайды. Халкына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл, шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақиық қыранындай, жыр нөсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар қуанышында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның карт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады [3].

Жамбыл – айтыскер ақын ғана емес, абыз жырау, жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тың ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшбасшысы.

Жамбылдың сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың бастап эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын [4].

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - дейді Сәкен Сейфуллин.

Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен ғасырымен, кимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Садырбаев С. Жамбыл Жабаев Өлеңдер, айтыстар, дастандар. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1996
2. Жыр алыбы (Жамбыл жайлы естеліктер) Құрастырған: Қ.Жұмаділов. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1971
3. Қауғабай О. Жамбыл туралы естеліктер. – Алматы: «Жазушы», 2013
4. Жолдасбеков М. «Кісілік кітабы». III том Астана: Күлтегін, 2012

***Резюме***

*В статье рассматриваются национальные литературные наследия Жамбула Жабаева.*

***Summary***

*The article deals wish the national literature heritage of Zhambil Zhabaev.*

## Ж.ЖАБАЕВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӨРНЕКТЕР

***Б.С. Бегманова,*** *ф.ғ.к., қауым.проф.м.а*
***Э.С.Сейсенбиева,*** *г.ғ.м., аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Қазақ поэзиясында өлең өнерімен даңқ тұғырына көтерілген Ж.Жабаевтың өнегелі өмір мен өнерпаздық мұра-мирастары екі ғасырды тұтастырып жатқан әдеби құбылыс. Жыр алыбы Жамбылдың дара дарынға тән талант қуаты мен жырлары туралы көрнекті қаламгерлер мен әдебиеттанушы ғалымдар кезінде өз бағасын берді. Солардың бірі ақын-қайраткер С.Сейфуллин "Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз" десе, әдебиеттанушы ғалым М.Жолдасбеков: "Жамбылдың ақындық жолға түсуінің ең әдепкі адымы өзінің алдындағы белгілі ақындардың өлеңдерін, ел аузындағы өлең-жырларды жаттап айтудан басталады. Жас ақын Жетісу елінің ертедегі салтымен бәдік, жарапазанды көп айтады, бірақ ол ешқашан дін, шариғат жолын үгіттемей, күлдіргі, әзіл-қалжың өлеңдерді көбірек шығарған» – деп жазады. Ғалым М.Жолдасбековтің ұзақ жылдарғы ізденістері арқылы ел ардағына айналған, өлең жырдың биік белесіне көтерілген Ж.Жабаевтың ғажайып ғұмырын, айрықша дарыны мен даналығын, ой мен сөздегі шебер де шешен, сергек те серпінді сипаттарын терең танып-талдап көрсетеді.

Жамбыл Жабаев шығармашылығының салмақты бөлігін айтыс-дастандары құрайды. Адам мұраты, ел-жер тағдыры, ұлт пен ұрпақ қамы, өнердің арқауына айналады. Ұлттық-тәлімдік мәселелер де айтыс-дастандарынан көрініс береді. Солардың ішінде "Жамбыл мен Айкүміс айтысы" – қыз бен жігіт айтысының үздік үлгісі ретінде жарасты жастықтың символын аңғартып, сөз сайысының келісті үйлесімділігін көрсетсе, "Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы" көк жүйріктің де ата тегінен, өлең-өнердегі дарын-қабілеттерінен мол сыр аңғартады. Алғаш сөз алған Бақтыбай ақын "күй мен сөзді ағытқан" өткен кезеңдерінен сыр толғаса, өз кезегінде Жамбыл "Сәлем – сөздің анасына" тоқтап, кішілік әдеп көрсетеді. Жамбылдың көрсеткен кішілік ілтипаты қазақ қанына тән ұлттық мінез-құлықтың жарасымды көрінісі. Қос ақынның елдік салт-дәстүрді берік ұстанған, үлкенге құрмет, кішіге ізеттілігін тәрбиелік мәні зор өлең жолдарынан көреміз. Ақын айтыстарынан қазақ халқының доқа адал, дәстүрге берік мінез-құлқын танисыз.

Жамбылдың ақындық қуатын, талант табиғатын танытқан айтыстары – Құлманбет, Сарбас, Досмағанбет, Шашубаймен кездесіп, олармен сөз барымтасына түсуі. Бұл айтыстар бейнелі көркемдік тұрғысынан да ден қойғызады.

Ақын жырларынан өлең-өнер сиқырымен қатар ұлт мүддесіне, ата тегіне, адамның асыл қасиеттеріне, ісін ардақтауға, тәлім-тәрбие сабақтастығына беріктігі байқалады. Жамбылдың ақындық өнері табиғи өріс алумен бірге қарсыласын сөз сынымен, ой өзегімен, тіл мүмкіндіктерімен баурап алады.

***Қожағұлов С.Қ.***
Жамбылдың айтыскерлігі....113
***Мәмбетов Ж.***
Уәлихан Қалижанның «Жамбыл» кітабы туралы ....118
***Маханова Г.Б.***
Поэзия Ж.Жабаева: «Родственность дум и стремлений, чувств и интересов» народов мира....122
***Тулегенова Б.А.***
Жамбыл Жабаев шығармаларының көркемдік ерекшеліктері....125
***Қожекеева Б.Ш.***
Ж.Жабаев шығармаларындағы авторлық портрет....128
***Оңалбаева К.К., Оңалбаева А.Т.***
Ж.Жабаев шығармаларындағы отансүйгіштік патриоттық идеялар ....131
***Базылова Б.К., Калинина В.В.***
Жамбыл Жабаев – певец эпохи ....134
***Өмірбаева Т.***
Айтыстардағы ұлттық дүниетаным және көркемдік ойлау....137
***Рақыш Ж.С.***
Жамбыл жырлаған шығыстық дастан ....139
***Дүйсенбаева Р.И.***
Жыраулық дәстүр жалғастығы....144
***Дәуітұлы Т., Тұрсынбайұлы Е.***
Ж.Жабаев шығармаларындағы ауызша сатираның ерекшеліктері....146
***Елесбай Н.***
Жамбыл – Сүйінбай мұрасын жеткізуші....148
***Юсуп П.Қ., Ұзақбаева Н.Қ.***
Қос дәуірдің жыршысы....150
***Әмірова М.Ж., Есжанова Г.Қ***
Жамбыл Жабаев – халық поэзиясының алыбы....153
***КөшековаА.А..***
Көсем сөздің кемеңгері ....157
***Тебегенова А.Т.***
Жамбыл дәстүрінің тағылымы....160
***Әбдіқалық К.С.***
Жамбыл жырлаған батыр тұлғасы ....164
***Шамахова А.Ы.***
Жамбыл тұлғасы әдеби көркем бейнеленуінің әдеби үдерістегі сипаты....166
***Оралбек А.***
Жамбыл шығармашылығындағы «Өтеген батыр» жырының нұсқалары ....169
***Сарбасов Б.С.***
Жамбыл – айтыскер ақын....173
***Бегманова Б.С., Сейсенбиева Э.С.***
Ж.Жабаев жырларындағы ұлттық өрнектер....176
***Салтақова Ж.Т.***
Ж.Жабаевтың 1916 жылға арналған өлеңдеріндегі тарихи шындық....179
***Шойбекова Ғ.Б., Әбді Т.***
Ұлы Жамбыл жұрнағы....182
***Мүрсәлімова Н.***
Жамбыл жырлаған «Домалақ ана» жырының тарихилығы....184
***Мажиева Н.А.***
Жамбыл шығармаларындағы жастар бейнесі....186
***Өміржанова Ж.Т.***
Ақындықтың алатауы атанған Жамбыл ақын....187
***Әділбекова Л.М.***
Жамбыл соғыс жылдарында....191
***Бейсеева Н.Ә.***
Ж.Жабаевтың «Сұраншы батыр» дастанының тарихилығы....194
***Каркабаева П.П.***
Ж.Жабаев шығармашылығын зерттеудің мәселелері....197
***Рысқұлбек Д.Ж., Сатбекова А.А.***
Жамбыл Жабаев сатирасы....200
***Иембердиева Г.Т.***
Ж.Жабаевтың жыршылық өнері және ақындық шеберлігі....202